

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаракемер мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кезектен тыс қамқоршылық кеңесінің отырысының №2 хаттамасы

01 қазан 2024 жыл

Қаракемер ауылы

Күн тәртібінде

1.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №355 бұйрығының 3-тарау 1,2-тармағына сәйкес мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері (Ескалиева Б.М.)

Қатысқандар саны-20

Өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері- 11

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері-9

Қамқоршылық кеңестің төрайымы М.З.Шарипова күн тәртібіндегі мәселемен таныстырып, өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп-балабақша директоры Б.М.Ескалиеваға берді.

СӨЙЛЕУШІ:

Б.М.Ескалиева –өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы №486 бұйрығының 2-тарау 3-тармағының 1,2 тармақшаларына сәйкес Қаракемер мектеп-балабақшасының кезектен тыс өткізген №1 кезектен тыс педагогикалық кеңесінің шешімімен 2024 жылдың 02 қыркүйегінен -30 қыркүйегі аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелері арасында тапсырмалар бөлініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік-құқықтық актілер мен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «**жақсы**» деген қорытынды берілді. (*слабымен бағалау парағы көрсетілді*) Мектеп-балабақша қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейнін анықтайтын құжаттардың үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарықтандырылуымыз, оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуіміз сәйкестігі бағаланды. Мектеп-балабақша педагогтары мен 4,9 класс білім алушыларының ата-аналарынан және мектеп алды даярлық топ тәрбиеленушілерінің дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін , сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден онлайн сауалнамалар алынды. Сонымен қатар оқушылардың білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 класс оқушыларынан онлайн форматында тест алынды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларына іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнда бағалау

парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «жақсы» деген қорытынды берілді (слайдпен бағалау парағы көрсетілді).

М.Қ.Арыстанов-қамқоршылық кеңес мүшесі

Жалпы мектеп-балабақша жұмысына қанағаттанамын. Мектеп-балабақша жаңа модификациялық кабинеттермен жабдықталған. Ұжым мүшелерінің көпшілігі жас буын болғанымен үнемі ізденісте. Еңбек өтіліне сәйкес педагогтер уақытылы курстардан өтіп категорияларын қорғап отырады. Токтала кететін жағдай оқушылардың пәндік сайыстарға қатысымының аздығы. Мен қамқоршылық кеңес мүшесі ретінде және демеуші ретінде мектеп жұмысына араласып отырамын. Мектеп-балабақша қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанамын.

Мектеп-балабақша директоры Б.М.Ескалнева оқушылардың сайысқа дайындау үшін жетекшілер бекітіліп дайындық жұмыстарының басталғанын айтты.

М.З.Шарипова-қамқоршылық кеңес төрайымы


Мен де мектеп-балабақшада жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына берілген бағана қосыламын. Мектеп-балабақша айналасының жарықтандырылуы жолға қойылса екен деймін. Мектеп-балабақша ұжымы жұмыс жоғары деңгейде деп айта аламын.

Мектеп-балабақша директоры Б.М.Ескалнева мектеп айналасының жарықтандырылуын жолға қою үшін 300000(үш жүз мың) қаражат бөлінгендігін айтып өтті.

Күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып, талқыланып

ШЕШІМ ЕТТІ:


1. Мектеп-балабақша басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері «жақсы» деп бағаланды.
2. Берілген ұсыныстар бойынша жұмыстар жүргізілсін.
3. Қамқоршылық кеңесінің шешімі мектеп-балабақшаның интернет-ресурсында жарияланды.

Кеңес төрағасы:  Шарипова М.З.


Хатшы:  Мекеева Н.Б.


Кеңес мүшелері:  Үмбетов Т.А.


 Арыстанов М.


 Иманчиева Г.С.

 Арықбаева М.Ө.

 Шегетов А.Ж.

 Құбышев Т.Қ.

 Жаксылық А.Ж.

 Елиманов А.Е.